


REDMOND

RTP-M801 термопоты

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



4815125

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ !

Сізге REDMOND компаниясының тұрмыстық техникасын таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

REDMOND - бұл жаңа әзірлемелер, сапа, сенімділік және сатып алушылардың қажеттіліктеріне мұқият қарау. Болашақта да сіз біздің компанияның өнімдерін таңдайсыз деп үміттенеміз.

REDMOND RTP-M801 термопотымен сіздің үйіңізде әрқашан сүйікті сусындарыңызға арналған ыстық су болады. Сізге тек қажетті температураны таңдау керек: 65, 85 немесе 98°C. Сондай-ақ, термопот суды қажетті уақытқа қайнатуы үшін қосу таймерін пайдалана аласыз. Жұмыс көрсеткіші, СК дисплейі бар электронды басқару, су деңгейінің жарықтандыруы және суды құюдың үш әдісінің кез-келгенін таңдау мүмкіндігі RTP-M801-ді қолдануда өте ыңғайлы етеді.

REDMOND — СІЗДІҢ АС ҮЙІҢІЗДЕГІ КӘСІБИ МАМАН!

Көбірек білгіңіз келе ме? Біздің www.multivarka.pro сайтымызға кіріңіз

REDMOND компаниясының Ресейдегі, Белоруссиядағы, Украинадағы және Қазақстандағы ресми интернет-өкілдігінің беттерінен сіз ұсынылатын REDMOND техникасы және күтілетін жаңа өнімдер туралы ең өзекті ақпаратты ала аласыз. Мұнда сіз онлайн кеңес ала аласыз, сондай-ақ біздің интернет-дүкенде REDMOND өнімдері мен оған түпнұсқа аксессуарларға тапсырыс бере аласыз.

Ресейдегі REDMOND пайдаланушыларын қолдау қызметі: 8-800-200-77-21

(Ресей бойынша қоңырау шалу тегін)

МАЗМҰНЫ

Техникалық сипаттамалары	4
Жиынтықтамасы.....	4
Моделінің құрылымы	5
I. ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАР АЛДЫНДА.....	7
Қауіпсіздік шаралары	7
Бірінші іске қосу алдында	9
II. АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ.....	10
Термопотты пайдалану	10
Су құю тәсілдері	11
Температураны таңдау	12
Таймермен жұмыс	12
III. ТАЗАРТУ.....	13
Тат кетіру	13
IV. СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНУДІҢ АЛДЫНДА	14
V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР.....	15

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	RTP-M801
Максималды қуаттылық:	
қайнату режимінде	750 Вт
температураны ұстап тұру режимінде	100 Вт
Кернеуі	220-240 В, 50 Гц
Көлемі	3,5 л
Суға арналған ыдыстың материалы	тот баспайтын болат
Су құю тәсілдерінің саны	3
Қайнату режимі	+
Ыстық су температурасын ұстап тұру режимі	65, 85, 98 °C
360°айналмалы негіз	+
Жұмыс режимдерінің индикациясы	+
Су деңгейінің шкаласы	+
Қаққа арналған сүзгі	+
Алынбалы баусым	+
Су құюды құлыптау	+
Тасымалдауға арналған тұтқа	+
Алынбалы баусымның ұзындығы	1,2 м
Таймер	3, 6, 12, 18, 24, 48, 72, 99 сағат

Жиынтықтамасы


Термопот — 1 дана.	Нұсқаулық — 1 дана
Сервистік кітапша — 1 дана.	Электр қуатының баусымы —1 дана.

Өндіруші өзінің өнімдерін жетілдіру барысында бұйымның дизайнына, жинақтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізіп, олар туралы қосымша хабарландыру жасамауға құқылы.

A1 моделінің құрылымы

1. Қақпақтың ішкі жағы
2. Шыныаяқ астына әкелінетін су құюға арналған кнопкасы бар шүмек
3. **Температураны ұстап тұру** индикаторы
4. Таймер батырмасы
5. Тасымалдауға арналған тұтқа
6. Қайта қайнату батырмасы
7. Суды механикалық құю батырмасы
8. Қақпақты ашу тұтқасы
9. Су құюға арналған батырма
10. Су құю құлпын орнату және алып тастау батырмасы
11. Су температурасы мен таймер уақытын орнату батырмасы
12. **Қайнату** индикаторы
13. Ең төменгі рұқсат етілген деңгей белгісі бар су деңгейінің шкаласы
14. Алынбалы қақпақ
15. Суға арналған металл бак
16. Таймер уақыты
17. «Температураны ұстап тұру» функциясы үшін белгіленген температураның мәні
18. Құлыптан босатылған су құю индикаторы
19. Құлыпталған су құю индикаторы
20. Дайындық индикаторы
21. Қыздыру индикаторы
22. Электр қуатының баусымы

A1



1. ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАР АЛДЫНДА

Пайдалануды бастар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз да, оны анықтамалық ретінде сақтап қойыңыз. Құралды дұрыс қолдану оның қызмет ету мерзімін анағұрлым ұзартады.

Қауіпсіздік шаралары

Өндіруші қауіпсіздік техникасының және бұйымды пайдалану ережелерін ұстанбаудан туындаған ақаулықтарға жауапкершілік артпайды.

- Аспап тек тұрмыстық қолдануға арналған. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе басқаша пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану ережелерін бұзу болып табылады.
- Құрылғыны электр желісіне қосар алдында оның кернеуі аспаптың қуатының номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамаларын немесе зауыттық тақтайшасын қар.).
- Аспаптың тұтынатын қуаттына есептелген ұзартқышты пайдаланыңыз - параметрлердің сәйкес келмеуі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің жанып кетуіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерге тұйықталуы бар розеткаларға ғана қосыңыз - бұл электр тоғымен зақымданудан қорғауға қойылатын міндетті талап. Ұзартқышты пайдалана отырып, оның да жерге тұйықталғандығына көз жеткізіңіз.
- Аспапты пайдаланып болғаннан кейін, сонымен қатар оны тазалау немесе жылжыту кезінде оны розеткадан ажыратыңыз. Электр баусымын құрғақ қолмен, сымнан емес ашадан ұстап тұрып суырыңыз.
- Электр қуаттандыру сымын есік ойықтарынан немесе жылу көзінің жанында тарпаңыз. Электр баусымының бұралып кетпеуін және майыспауына, өткір заттармен, жиһаздың бұрыштары мен жиектеріне жанаспауын қадағалаңыз.



ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ: электр қуаттандыру кабелінің кездейсоқ зақымдалуы кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сондай-ақ электр тоғымен зақымдалуға әкеп соқтыруы мүмкін. Зақымдалған электр кабелі сервис орталығында жедел ауыстыруды қажет етеді.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз, жұмыс кезінде сүлгімен немесе майлықпен жаппаңыз — бұл құрылғының қызып кетуіне және бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Құралды ашық ауада қолдануға тыйым салынған құрылғы корпусының ішіне ылғалдың немесе бөгде заттардың түсуі оның қатты зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Аспапты тазартудың алдында, оның электр желісінен ажыратылғандығына және толығымен суығандығына көз жеткізіңіз. Аспапты күтіп ұстау бойынша нұсқаулықты қатаң ұстаныңыз (14-бет).



ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ: аспаптың корпусын суға салуға және су ағынының астында ұстауға!

- Физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімдерінің жетіспеушіліктері бар болған адамдар (балаларды қоса) бақылауда болса немесе оларға осы аспапты пайдалану туралы олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғамен нұсқамалық жүргізілген жағдайларды қоспағанда, осы аспап ондай адамдардың пайдалануына тағайындалмаған. Аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында балаларды бақылау керек.
- Аспапты өз бетімен жөндеуге және құрылымына өзгертулер енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис орталығы орындау қажет. Кәсіби емес орындалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақатқа және мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Бірінші іске қосу алдында

1. Бұйымды және оның құрауыштарын қораптан абайлап алыңыз. Барлық қаптамалық материалдарды алып тастаңыз.



Міндетті түрде ескерту жапсырмаларын, жапсырма-көрсеткіштерді (болған жағдайда) және оның корпусындағы өнімнің сериялық нөмірі бар белгіні орнында сақтап қойыңыз! Өнімде сериялық нөмірдің болмауы сізді автоматты түрде кепілдік қызмет көрсету құқығынан айырады.

2. Аспаптың корпусын дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін мұқият құрғатыңыз. Қуат сымының ұясында ылғал жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
3. Термопотқа суды максималды белгіге дейін құйыңыз және аспапты дезинфекциялау және мүмкін болатын бөгде иістерді кетіру үшін қайнатыңыз.
4. Суды толықтай термопоттан ағызып тастаңыз. Қалған суды қақпақты алып тастап термопоттың оң немесе сол жағы арқылы төгіңіз. Басқару тақтасына және электр қуаты сымының ұясына судың түсуіне жол бермеңіз.

II. АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

Термопотты пайдалану


Аспапты тегіс, қатты көлденең бетке орнатыңыз. Орналастырған уақытта қайнаған кезде ыстық будың жиһазға, тұрмыстық техникаға, қабырғаға және т. б. тимейтініне көз жеткізіңіз.

1. Қақпақты ашу тұтқасын көтеріңіз.
2. Қақпақты жоғары қарай тартыңыз.
3. Егер сіз қақпақты шешкіңіз келсе, қақпақты ашу тұтқасын жоғарғы ұстаңыз, қақпақты алу батырмасын басып, қақпақты бұрыштап көтеріңіз. Қақпақты орнына орнату үшін сипатталған әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.
4. Қақпақты жабу үшін оны шертпе дыбысы естілгенге дейін басыңыз.

Термопотқа суды **FULL** белгісіне дейін құйып, қақпақты жабыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспаптың қызып кетуіне жол бермеу үшін 0,5 литрден аз су құю ұсынылмайды. Қайнап кетудің алдын алу үшін суды үнемі қосып отырыңыз.



Элект қуатының баусымын розеткаға қосыңыз. Аспаптың артқы бетіндегі қосу/сөндіру («I/O») батырмасын басыңыз. **Қайнау** индикаторы жанады және суды қайнату процесі басталады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Термопот су жеткіліксіз болған кезде өшіру жүйесімен жабдықталған. Егер құрылғыда су болмаса немесе ол аз болса, ол автоматты түрде өшеді.


Су құю тәсілдері

Қайнау индикаторы (қызыл түсті) сөніп, температура индикаторы (жасыл түсті) жанғаннан кейін, сіз шүмектің астына шыныаяқ орнатып, ыстық су құюға кірісе аласыз.

1. Шыныаяқ толтырылғанша су құю батырмасын басып ұстап тұрыңыз.



2. Шыныаяқтың шетімен аспаптың шүмегіне жақын орналасқан арнайы батырманы басып, шыныаяқты толтырмайынша басып ұстап тұрыңыз.



3. Шыныаяқты толтырылғанша суды механикалық құю батырмасын басыңыз.





НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер су құйылмаса, дисплейде қандай индикатор көрсетілгенін қараңыз. Су құю құлпын орнату және алып тастау батырмасын басыңыз. Бұл функция сіздің балаларыңызды қорғайды және судың кездейсоқ құйылуына жол бермейді.

Температураны таңдау

Су қайнағаннан кейін термопот автоматты түрде судың температурасын таңдау және ұстап тұру режиміне ауысады. Қажетті температураны орнату үшін температураны орнату батырмасын басыңыз (орнатудың 3 нұсқасы бар):

1. 65°C - балаларға арналған құрғақ сүт.
2. 85°C — шай және кофе.
3. 98°C — ыстық су.

Қажетті температураны орнатқаннан кейін ол дисплейде көрсетіледі. Берілген температураға жеткенде дисплейде дайындық индикаторы пайда болады.

Қайта қайнату үшін тиісті батырманы басыңыз.

Таймермен жұмыс

Қосу таймері сізге электр қуатына кететін шығынды азайтуға көмектеседі.

Уақытты орнату үшін таймер батырмасын, содан кейін су температурасы мен таймер уақытын орнату батырмасын басыңыз.

Таймерді 3, 6, 12, 18, 24, 48, 72, 99 сағатқа орнатуға болады.

Таймерді орнатқаннан кейін ол кері санақты бастайды. Таймер нөлге келгенде, термопот қайтадан қыздыра бастайды.

III. ТАЗАРТУ

Аспапты тазалау алдында оны электр желісінен ажыратыңыз. Құралды тазалау үшін абразивті жабыны бар ысқыштарды, абразивті тазалау құралдарын немесе бензин немесе ацетон түріндегі еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады. Құрылғыны суға батыруға тыйым салынады.

Ішкі резервуарды ысқышпен абайлап сүртіңіз және сумен шайыңыз. Оны айына бір рет лимон қышқылымен тазалаңыз.

Термопоттың корпусы мен қақпағын дымқыл матамен сүртіңіз.

Тат кетіру

Термопотты қақтан үнемі тазарту оның қызмет ету мерзімін ұзартады. Аспапты қалыпты пайдалану кезінде оны кем дегенде 2-3 айда бір рет жүргізу ұсынылады.

1. Термопотты максималды көлемнің төрттен үш бөлігіне толтырып, суды қайнатыңыз.
2. Термопот қыздыру режиміне өткеннен кейін оны электр желісінен ажыратыңыз, оған 8 пайыздық сірке қышқылының ерітіндісін максималды деңгейге дейін қосыңыз және оны бірнеше сағатқа қалдырыңыз.
3. Қақпақты алыңыз, аспаптан суды төгіңіз және резервуарды жақсылап шайыңыз.
4. Термопотқа таза су құйыңыз, қуат баусымын электр желісіне қосыңыз және қайнағанша күтіңіз.
5. Термопотты электр желісінен ажыратып, одан суды төгіп тастаңыз. Оны қайтадан таза сумен шайыңыз.
6. Егер термопотта қақ әлі де болса, жоғарыда сипатталған процедураны қайталаңыз.

Сондай-ақ, арнайы қақтан тазартатын құралды қолдануға болады. Бұл жағдайда оның өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

IV. СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНУДІҢ АЛДЫНДА

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
Аспап қосылмайды	Кернеу жоқ	Алдымен аспапты өшіргеннен кейін электр желісіндегі кернеудің болуын тексеріңіз
Аспаптың жұмыс істеу барысында иіс пайда болды	Жаңа аспаптың кейбір бөліктерінде бөгде иіс болуы мүмкін	Алдын ала қайнату процедурасын орындаңыз (10-бет)

V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Осы бұйымға сатып алған сәттен бастап 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Кепілдік кезеңі ішінде, дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе бүкіл бұйымды басқасына ауыстыру арқылы материалдардың немесе құрастырудың жеткіліксіз сапасынан туындаған кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік, егер сатып алу күні дүкеннің мөрімен және түпнұсқа кепілдік талонында сатушының қолымен расталса ғана күшіне енеді. Егер бұйым пайдалану нұсқаулығына сай қолданылған, жөнделмеген болса, бөлшектелмеген және оны дұрыс емес қолдану нәтижесінде бұзылмаған болса, сондай-ақ өнімнің толық жиынтығы сақталса ғана бұл кепілдік танылады. Бұл кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығыс материалдарына берілмейді (сүзгілер, шамдар, күюге қарсы жабындар, тығыздамалар және т.б.).

Бұйымның қызмет ету мерзімі және оған кепілдік міндеттемелердің қолданылу мерзімі сатылған күннен бастап немесе бұйымның дайындалған күнінен бастап есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаған жағдайда).

Аспаптың жасалған күнін бұйымның корпусындағы сәйкестендіру жапсырмасында орналасқан сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-шы және 7-ші белгілер айды, 8-ші - құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

Өндіруші белгілеген аспаптың қызмет ету мерзімі бұйым осы нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес пайдаланылған жағдайда ғана сатып алынған күннен бастап 3 жылды құрайды.

Қаптаманы, пайдаланушы нұсқаулығын, сондай-ақ аспаптың өзін кәдеге жаратуды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті бағдарламаға сәйкес жүргізу қажет. Қоршаған ортаға қамқорлық жасаңыз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз.

Produced by Redmond Industrial Group LLC, USA
One Commerce Plaza, 99 Washington Ave, Ste. 805A,
Albany, New York, 12210, United States
www.redmond-ig.com
www.multivarka.pro
Made in China

RTP-M801-UM-1